

## 2023 жылы «Халықтың қартаю жағдайында реформалау» Allianz Ғаламдық зейнетақы есебі бойынша ақпараттық анықтама

Allianz өзінің Allianz<sup>1</sup> зейнетақы индексін пайдалана отырып, әлем бойынша 75 зейнетақы жүйесі талданған Ғаламдық зейнетақы есебінің жаңа басылымын шығарды. Allianz (API) зейнетақы индексі - зейнетақы жүйелерінің тұрақтылығы мен жеткіліктілігін кешенді бағалау үшін әзірленген. Ол үш суб-индекстен тұрады және 1-ден 7-ге дейінгі шәкіл бойынша бағаланатын 40 параметрді ескереді, мұнда 1 ең жақсы нәтижені білдіреді. Есеп 2023 жылдың наурыз айындағы соңғы қолжетімді деректерге негізделген.

- **Бірінші суб-индекс API (20%)** демографиялық өзгерістердің қарқынын, мемлекеттік қарызды және жалпы өмір сүру деңгейін бағалайды. Ол зейнетақы жүйесін реформалау кезінде ескерілуі тиіс құрылымдық алғышарттарды көрсетеді. Бұл көрсеткіш Израильде, Нидерланды және Норвегияда ең жоғары, дегенмен орташа балл шамамен 3-ке тең, бұл қолайлы емес алғышарттарды көрсетеді.

- **Екінші суб-индекс API (40%)** - зейнетақы жүйесінің демографиялық өзгерістерге қаншалықты жақсы дайындалғанын бағалайтын тұрақтылық индексі. Қосымша капиталдандырылған элементтердің, зейнетке шығуды кейінге қалдыру бойынша ынталандырулардың, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу кезінде демографиялық факторларды есепке алу және зейнет жасы осы аспектіде шешуші рөл атқарады. Осы суб-индекстегі ең жақсы нәтижелерді Египет және Индонезия, негізінен зейнет жасты ұлғайту және олардың зейнетақы жүйелеріне капиталдандырылған элементтерді енгізу арқылы көрсетеді.

- **Үшінші суб-индекс API (40%)** елдің зейнетақы жүйесі зейнетке шығудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ете ме деген сұраққа жауап бере отырып, зейнетақы жүйелерінің жеткіліктілігін (лайықтылығын) бағалайды. Бағалау зейнетақы төлемдерінің деңгейін, зейнетақы жүйесін қамтуды, қаржылық қызметтерге қол жеткізуді және еңбек нарығында егде жастағы қызметкерлерді біріктіруді қамтиды. Дания және Нидерланды жеткіліктілік рейтингінде көшбасшы, екінші және үшінші деңгейдегі мықты капиталдандырылған элементтері бар.

Есепке сәйкес, барлық талданған зейнетақы жүйелері үшін орташа балл 3,6 балды құрады, бұл COVID-19 пандемиясынан кейінгі көптеген елдерде шектелген фискалдық мүмкіндіктерге байланысты алдыңғы жылдармен салыстырғанда шамалы жақсарғаны, оның соңынан Украинадағы әскери қақтығыс тудырған энергетикалық дағдарыс пен азық-түлік бағасына негізделген бұрын-соңды болмаған гипер инфляция туындады. Зейнетақы реформаларының қажеттілігіне қарамастан, тек бірнеше ел ғана айтарлықтай жақсарды. Есепте Дания, Швеция және Нидерланды бағасы 3-тен төмен жалпы балмен индекстің жоғарғы жағында тұр, себебі олардың зейнетақы жүйелерінде болжалды өмір сүру ұзақтығының өзгеруіне сәйкес зейнет жасын түзету қарастырылған, сондай-ақ мықты кәсіби және жеке капиталдандырылған зейнетақы компоненттері бар.

### 1-кесте. Allianz зейнетақы индексі

---

<sup>1</sup> Анықтама үшін: Allianz Group - бұл әлемнің 70-ке жуық елінде 122 миллион жеке және корпоративтік клиенттерге қызмет көрсететін сақтандыру компаниялары мен активтерді басқарушылар арасындағы әлемдік көшбасшы. Өз қызметі аясында Allianz жеке және корпоративті сақтандыру қызметтерінің кең спектрін ұсынады, соның ішінде жылжымайтын мүлікті, өмірді және денсаулықты сақтандыру, көмек қызметтері, несиелік сақтандыру және халықаралық бизнесті сақтандыру. Сонымен қатар, компания экономиканың әртүрлі салаларында зерттеулер жүргізумен белсенді айналысады, соның ішінде әлемнің зейнетақы жүйелері бойынша есептер шығарады.

		API 2023	Basic Conditions	Sustainability	Adequacy	
2.0	Denmark	2.2	3.0	2.5	2.4	
	Netherlands	2.6	2.9	3.4	1.7	
	Sweden	2.6	3.1	2.9	2.1	
	New Zealand	2.8	3.1	3.4	2.1	
	United States	2.9	3.5	2.8	2.6	
	Taiwan	2.9	4.0	2.8	2.4	
	Israel	2.9	2.8	3.5	2.5	
	Belgium	3.0	3.9	3.0	2.4	
	Australia	3.0	3.1	3.0	3.0	
	Korea	3.1	4.0	2.8	3.0	
	Luxembourg	3.1	3.2	4.1	2.1	
	Switzerland	3.1	3.2	3.9	2.4	
	United Kingdom	3.1	3.5	3.7	2.4	
	Portugal	3.2	4.8	2.7	2.8	
	Germany	3.2	3.9	3.3	2.8	
	Japan	3.2	4.0	3.8	2.3	
	China	3.2	4.8	2.9	2.8	
	Italy	3.3	4.7	3.1	2.7	
	3.0	Norway	3.3	3.0	4.0	2.7
		Canada	3.3	3.1	3.9	2.8
Finland		3.3	3.8	3.5	2.9	
Estonia		3.4	3.7	3.1	3.4	
Ireland		3.4	3.2	3.8	3.0	
France		3.4	3.9	3.7	2.8	
Bulgaria		3.4	4.7	2.9	3.3	
Austria		3.4	4.2	3.9	2.6	
Latvia		3.4	4.0	3.7	2.8	
Malta		3.4	3.8	4.6	2.1	
Greece		3.4	5.0	3.0	3.0	
Lithuania		3.4	4.2	3.2	3.3	
Indonesia		3.4	4.0	2.1	4.5	
Hong Kong		3.4	3.2	3.9	3.1	
Mexico		3.5	4.3	2.8	3.8	
Kazakhstan		3.5	3.5	3.6	3.3	
Spain		3.5	4.6	3.7	2.7	
Egypt		3.5	4.4	2.3	4.2	
4.0		Russia	3.6	4.2	3.6	3.2
		Philippines	3.6	4.1	3.1	3.8
	Peru	3.6	3.5	3.0	4.4	
	Slovakia	3.7	4.4	4.0	2.9	
	Singapore	3.7	3.6	4.1	3.2	
	Croatia	3.7	4.5	3.5	3.5	
	Czech Republic	3.7	3.7	3.8	3.6	
	Mauritius	3.7	4.8	3.6	3.3	
	Slovenia	3.7	4.4	4.3	2.8	
	Hungary	3.7	4.2	3.8	3.4	
	Chile	3.8	4.0	3.7	3.7	
	Colombia	3.8	4.1	3.8	3.6	
	Thailand	3.8	4.4	3.5	3.9	
	Cyprus	3.9	4.1	4.3	3.3	
	Uruguay	3.9	3.8	4.2	3.6	
	Poland	4.0	4.5	3.7	3.9	
	Pakistan	4.0	4.0	2.9	5.0	
	Qatar	4.0	3.1	4.2	4.2	
	Vietnam	4.0	4.4	3.6	4.3	
	Argentina	4.1	3.9	4.4	3.8	
Bahrain	4.1	4.0	4.6	3.8		
South Africa	4.2	3.9	3.9	4.5		
Turkey	4.2	4.1	4.7	3.7		
Kenya	4.2	4.2	3.5	5.0		
Cambodia	4.2	4.2	3.5	5.0		
Kuwait	4.2	4.0	4.6	4.0		
Nigeria	4.3	3.7	4.3	4.4		
Malaysia	4.3	4.3	4.6	3.9		
Brazil	4.3	4.7	4.7	3.6		
Romania	4.3	4.4	4.5	4.0		
Tunisia	4.3	4.5	4.5	4.0		
United Arab Emirates	4.4	3.2	5.1	4.3		
India	4.4	4.3	4.9	4.0		
Laos	4.4	4.4	3.6	5.3		
Uzbekistan	4.5	4.4	3.6	5.3		
5.0	Saudi Arabia	4.5	3.9	4.9	4.4	
	Morocco	4.6	4.4	4.7	4.6	
	Lebanon	4.7	4.7	4.3	5.1	
	Sri Lanka	4.7	4.4	5.3	4.3	

Бағалауда Ливан, Шри-Ланка және Біріккен Араб Әмірліктері ең төменгі позицияларға ие, өйткені оларға зейнет жасының төмендігі, халықтың зейнетақы жүйесімен аз қамтылуы және халықтың тез қартаю мәселелері тән. Көптеген дамушы елдерде бейресми жұмыспен қамтудың басым болуы аз қамтуға ықпал ететін факторлардың бірі, бұл зейнетақы жүйесін реформалаумен қатар еңбек нарығын реформалау қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу дамушы елдерде егде жастағы жұмысшыларды жұмыспен қамтуға байланысты стереотиптермен күресу және еңбек нарықтарын халықтың қартаюына бейімдеу өте маңызды екенін көрсетеді. Зейнетақы жүйесінің реформаларына және зейнет жасының ұлғаюына қарсылық көбінесе егде жастағы жұмысшылар арасында жұмыссыздықтың жалғасуы және зейнетақы төлемдерінің ықтимал қысқаруы қорқынышына негізделеді.

**Қазақстан зейнетақы жүйесінің API индексі 3,5 балды құрады**, еліміз ТМД бойынша көршілерді, сондай-ақ Испания, Чили, Сингапур және басқа елдерді баса озып, 75 елдің арасынан 34 орынды иеленді. Демографиялық өзгерістердің қарқынын, мемлекеттік қарызды және жалпы өмір сүру деңгейін бағалайтын бірінші суб-индекс 3,5 балл; зейнетақы жүйесінің тұрақтылығы бойынша екінші суб-индекс 3,6 балл; зейнетақы төлемдерінің жеткіліктілігін өлшейтін үшінші суб-индекс бойынша 3,3 балды құрады. Бұл нәтижелер Қазақстанның зейнетақы жүйесі индексте ұсынылған басқа елдермен салыстырғанда зейнетақы төлемдерінің тұрақтылығы мен жеткіліктілігінің салыстырмалы түрде орташа деңгейіне ие екендігін білдіреді.

### **Бірінші API суб-индексі. Базалық талаптар**

Covid-19 пандемиясы үкіметтерді үй шаруашылықтары мен компанияларға қаржылық көмек көрсетуге назар аударуға, зейнетақы аударымдарының мөлшерлемелерін төмендетуге және зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алуға рұқсат беруге, болашақ зейнетақылардың лайықтылығына кері әсер еткен бұрын жоспарланған зейнетақы реформаларын кейінге қалдыруға мәжбүр етті. Бейресми сектордың үлесі жоғары және халықты әлеуметтік және зейнетақымен сақтандыру жүйелерімен қамтуы төмен елдерде көптеген үй шаруашылықтары, әсіресе табысы төмендер зейнетақы жинақтарын толығымен тауысты, бұл олардың жалғыз жинақтары екенін ескеру керек. Пандемиядан кейінгі жоғары инфляция орталық банктердің пайыздық мөлшерлемелерді көтеруіне әкелді, бұл мемлекеттік зейнетақы жүйелерінің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын арттыруға қысым жасады, өйткені үкіметтердің оларды мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз ету үшін қаржылық мүмкіндіктері жақын арада қысқарады.


Есепте халықтың қартаю мәселесі қарастырылады, өйткені ол әлемдегі зейнетақы жүйелерінің басты сын-қатерлерінің бірі. Болжамдар 2050 жылға қарай әлем бойынша шамамен 1,6 миллиард адам 65 жас және одан үлкен жаста болады деп көрсетеді. Олардың шамамен 1 миллиарды Азияда, әсіресе Үндістан мен Қытайда тұрады. Осыған байланысты ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және болашақ ұрпаққа шамадан тыс жүктемені болдырмас үшін зейнетақы жүйелерін демографиялық өзгерістерге дайындау өте маңызды. Allianz тұрақтылық пен лайықтылық арасындағы тепе-теңдікті табу қажеттілігін атап көрсетеді, бұл индустриалды дамыған елдердегі жәрдемақыларды қысқартуды және қарттардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету үшін капитал есебінен қосымша зейнетақымен қамсыздандыруды қажет етуі мүмкін (1-график).

«Мінсіз» зейнетақы жүйесі дегеніміз не? Біздің талдау тұрақты және лайықты зейнетақы жүйесін құру мықты капиталдандырылған (қорландырылған немесе жинақтаушы) компонент енгізілген жағдайда қолжетімді міндет екенін көрсетеді. Алайда, көптеген елдерде зейнетақы реформаларын еңбек нарығын реформалаудан: экономикасы дамып келе жатқан елдерде ресми жұмыспен қамту үлесін арттырмай және дамыған

елдердегі егде жастағы жұмысшыларды жұмыс күшіне тартпай бастау керек, тіпті жақсы ойластырылған зейнетақы реформалары өте әлсіз нәтиже береді.

## 1-график. Жер халқының қартаюуы

65 жас және одан үлкен жастағы халықтың үлесі (халықтың жалпы санының %-бен)




Дереккөз: Allianz Global Pension Report 2023

Covid-19 тудырған уақытша құлдыраудан кейін күтілетін өмір сүру ұзақтығының ұлғаю тенденциясы жалғасуда (2-график). Дегенмен, соңғы деректер күтілетін өмір сүру ұзақтығының динамикасы 2023 жылғы 73,4 орташа әлемдік көрсеткіштен 2050 жылға қарай 77,2 дейін артып бұрынғы тенденциясына қайта оралатынын көрсетеді. Африкада, Латын Америкасында және Азияда туғаннан бастап орташа өмір сүру ұзақтығы шамамен бес жылға артады деп болжануда, бұл ретте Латын Америкасы 80 жастық шекті еңсеруі мүмкін, ал Азия бүгінгі Еуропамен бірдей деңгейге жетеді. Еуропа, Солтүстік Америка, Австралия және Жаңа Зеландия қазірдің өзінде күтілетін өмір сүру ұзақтығының жоғары көрсеткіштеріне ие, бірақ болжамдарға сай 2050 жылға қарай ол Еуропа мен Солтүстік Америкада шамамен төрт жылға ұлғайып 84 жасты құрайды, ал Австралия мен Жаңа Зеландияда 3,4 жылға ұлғайып 87 жасты құрайды.

Пандемия күтілетін өмір сүру ұзақтығының уақытша төмендеуіне және үй шаруашылығының әл-ауқатына, мемлекеттік бюджетке және зейнетақы жүйесіне ұзақ мерзімді әсер етті. Қытайда, Италияда және Бразилияда туудың төмен деңгейі халықтың қартаюын жалғастыратынын көрсетеді және 2050 жылға қарай 65 жас және одан үлкен адамдардың үлесі 10%-дан 17%-ға дейін, 65 жас және одан үлкен адамдар 20%-дан 29%-ға дейін, ал Африкада, 2050 жылы 3%-дан 6%-ға дейін өседі деп күтіледі.

## 2-график. Күтілетін өмір сүру ұзақтығының ұлғаю тенденциясы




Дереккөз: БҰҰ халықтары бөлімі

Қарттық бойынша жәрдемақыларға жұмсалатын мемлекеттік шығыстардың көлемі әр елде әр түрлі болады және жас құрылымы, зейнетақы жүйесімен қамту және қаржыландыру сияқты факторларға байланысты. Мысалы, Италия, Греция және Франция негізінен таратушы зейнетақы жүйелеріне байланысты қарттық бойынша жәрдемақы шығындарының ең жоғары деңгейіне ие. Сонымен қатар, Италия мен Грецияда зейнетақы төлемдерінің ең жоғары деңгейі бар. Керісінше, Лаос, Камбоджа, Үндістан және Перу сияқты елдерде жас тұрғындарды, бейресми жұмыспен қамту деңгейін және зейнетақымен қамсыздандырудың төмен деңгейін ескере отырып, мемлекеттік қарттық бойынша жәрдемақы шығындары өте төмен. Қарттық бойынша жәрдемақыға жұмсалатын ЖІӨ үлесі Перуде 0,5%-дан Италияда 16%-ға дейін ауытқиды, Жапония мен Ресей де ЖІӨ-нің 10%-дан астамын қарттық бойынша жәрдемақыға жұмсайды.

Қоғам өзінің қартайтын халқына қанша жұмсауға дайын деген сұрақ, саяси емес, көбіне техникалық болып келеді, өйткені қарттық бойынша жәрдемақыға мемлекеттік шығындар көбейеді, ал мемлекеттік бюджеттер дағдарыстың салдарынан қысқарады. Елдер қартайтын халық үшін төлей ала ма деген мәселе туындайды. 60 елде пандемия басталғаннан бері жалпы бюджет тапшылығы артты, бұл ретте қарыз деңгейі ЖІӨ-нің 3%-дан 261%-на дейін ауытқиды. Жалпы қарызы ең жоғары кейбір елдер қарттық бойынша жәрдемақыға мемлекеттік шығындар бойынша көш бастап тұр, мысалы, Греция, Италия, Португалия және Испания. Оң пайыздық мөлшерлемелерге оралу үкіметтердің қаржылық мүмкіндіктерін одан әрі қысқартады, өйткені мемлекеттік қарызды қаржыландыру енді тегін емес.

### 3-график. Қарттық бойынша жәрдемақыға мемлекеттік шығыстар (ЖІӨ-ден % ретінде)



Дереккөз: ХЕҰ


Соңғы жылы кейбір елдер өздерінің зейнетақы жүйелерінің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен сәйкестігін арттыру, соның ішінде кейбір елдерде (Франция) зейнет жасын арттыру, барлық жеке сектор қызметкерлері үшін міндетті зейнетақы жарналарын енгізу (Камбоджа) және капитал есебінен қаржыландырылатын қосымша жеке қамтамасыз ету үшін ынталандыруды енгізу (зейнетақы жинақтары) үшін шаралар қабылдады. Алайда, статистика деректеріне сай, көптеген елдерде зейнетке шығу жасы күтілетін өмір сүру ұзақтығының өзгеруін көрсетпейді және 75 елдің тек сегізі ғана заң деңгейінде зейнетке шығу жасын күтілетін өмір сүру ұзақтығының өзгеруіне автоматты түрде байланыстыруды белгіледі.

Суб-индекстің негізгі шарттары тұрғысынан Израиль, Нидерланды және Норвегия жалпы 2,8-ден 3,0-ке дейін салыстырмалы түрде орташа балдары болса да ең жақсы көрсеткіштерді көрсетеді. Жалпы өмір сүру деңгейін, демографиялық өзгерістерді және қаржылық еркіндікті ескере отырып, одан әрі жақсарту қажеттілігі Грецияда, Қытайда және Маврикийде ең жоғары болып табылады, мұнда ұпайлар 4,8-ден 5,0-ге дейін өзгереді.

#### Екінші АРІ суб-индексі. Тұрақтылық

Таратушы зейнетақы жүйелерінің қаржылық тұрақтылығын бағалау кезінде жарна төлеушілерге жүктемені ескеру қажет. Жарна мөлшерлемесінің артуы жұмыс күшінің құнын арттырып, бейресми еңбек нарықтарына ауысуға әкелуі мүмкін. Бағаланатын елдердің жартысынан көбінде жарна мөлшерлемесі 20%-дан асады, ал Сингапурда ең жоғары жарна мөлшерлемесі 37%-ды құрайды. Жартысы дамушы нарықтары бар елдер болып табылатын отыз ел жарна мөлшерлемесінің өскенін хабарлады.

#### 4-график. Жарналар мөлшерлемесі (жалақыдан % ретінде)



Дереккөз: Ұлттық әлеуметтік қамсыздандыру органдары, әлеуметтік істер министрліктері, қаржылық министрліктер, PWC, ЭБДҰ және Ахсо

Таратушы зейнетақы жүйелерінің қаржылық тұрақтылығы жарна төлеушілерге жүктемені ескеруі керек, өйткені жарна мөлшерлемесінің жоғарылауы бәсекеге қабілеттілікті төмендетіп, бейресми жұмыспен қамтуды ынталандыруы мүмкін. Көптеген елдерде жарналардың жоғары мөлшерлемелері белгіленіп қойған, бұл оларды одан әрі ұлғайтуға аз мүмкіндік қалдырады. Зейнетке шығуды кейінге қалдыру үшін ынталандыру және минималды немесе толық мөлшерде зейнетақы алу үшін жарналарды төлеудің минималды кезеңіне қойылатын талаптар сынды кірістірілген тұрақтандырғыштар бұл жүйелерге демографиялық әсерді жеңілдетуі мүмкін. Көптеген елдер мұндай ынталандыруларды енгізді, соның ішінде мерзімінен бұрын немесе кейінге қалдырылған зейнетке шығу коэффициенттерін төмендету мен арттыру және күтілетін өмір сүру ұзақтығына байланысты жәрдемақы мөлшерін түзету.

Аударымдардың ең төменгі кезеңін ұлғайту проблемаға, әсіресе жұмысшыларының көбі бейресми жұмыспен қамту секторында болатын және сәйкесінше талаптарды орындай алмайтын экономикасы дамушы елдерде әкелуі мүмкін. Бұл оларды зейнетке шыққан кезде біржолғы төлемдердің жеткіліксіздігіне әкеледі және салықтар (мемлекеттік бюджет) есебінен қаржыландырылатын ең төменгі зейнетақы мен зейнетақыға қосылатын үстемақыларға ғана сенуге тура келуі мүмкін. Дамыған елдерде ұзақ оқу кезеңдері және жастар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі жарналарды төлеудің ең төменгі өтілі бойынша талаптарды орындауды қиындатуы мүмкін. Сонымен қатар, автоматтандыру мен цифрландырудың өсуі еңбек өтілінде үзілістері бар жұмысшылар санының артуына және гиг-экономикадағы жұмыспен қамтудың өсуіне әкелуі мүмкін, бұл адамдарды мемлекеттік зейнетақыға сенуге мәжбүр етуі мүмкін.

Ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы жүйелерін тұрақтандырудың кілті – болашақта күтілетін өмір сүру ұзақтығына байланысты зейнет жасын автоматты түрде түзетуді заңнамамен бекіту. Талданған елдерде заңнамамен бекітілген зейнетке шығу жасы

Катар мен Нигерияда 50 жастан Данияда, Грецияда, Норвегияда және Италияда 67 жасқа дейін құбылады. Әйелдер арасындағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы ұзағырақ болса да, әйелдердің зейнет жасы 23 елдегі ерлерге қарағанда әлі де төмен. 33 ел зейнет жасын 2050 жылға дейін көтеруді жоспарлап отырғанымен, бұл көтеру өмір сүру ұзақтығының болжамды өсуін өтейтіні белгісіз. Жоғарыда аталғандай, қазіргі уақытта тек сегіз ел ғана күтілетін өмір сүру ұзақтығына байланысты зейнет жасына автоматты түзетуді қолданады. Португалияда орын алған соңғы жайт белгілі бір жағдайларда мұндай түзету зейнет жасының төмендеуіне әкелуі мүмкін екенін көрсетті. Бұл бағытқа Түркия енбейді, ол жақында ең төменгі зейнет жасын алып тастады, оны сәйкесінше әйелдер мен ерлер үшін 20 және 25 жаста қажетті ең төменгі аударым кезеңімен ауыстырды.

Зейнет жасының ұлғаюы күтілетін өмір сүру ұзақтығының өсуінің әсерін өтеуін, өтемеуін бағалау мақсатында 15 жастан басталатын және заңнамамен белгіленген зейнет жасына дейін және одан кейінгі нақты зейнетке шыққан орташа уақытқа дейін аяқталатын болжамды типтік мансап ұзақтығының арақатынасы бағаланды (бүгінгі және 2050 жылы тиісті зейнет жастағы орташа күтілетін өмір сүру ұзақтығы). Есеп ерлер мен әйелдер үшін бөлек жүргізіледі. Нәтижелер орташа еңбек еткен өмірдің ұзақтығы ерлер үшін зейнетте өткізген уақыттан 2,6 есе, ал әйелдер үшін 2,1 есе көп екендігін көрсетті. Екі жағдайда да орташа коэффициент 2,4 (ерлер) және 2,0 (әйелдер) дейін төмендейді. Бұл одан әрі реформалар болмаса, еңбек өмірі мен зейнетке шыққан уақыт арасындағы тепе-теңдік одан әрі нашарлайтынын көрсетеді.


Зейнет жасты күтілетін өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына немесе зейнет жасқа қатысты басқа реформаларға байланыстыру нәтижесінде ерлер үшін зейнет жасының өсуі рейтингтің 75 елінің 13-не ғана жеткілікті болады. Әйелдер үшін бұл 21 елге қатысты, яғни әйелдер мен ерлердің зейнет жасы көптеген елдерде біртұтас болады. Дегенмен, көптеген елдерде күтілетін өмір сүру ұзақтығының өсуі зейнет жасының жарияланған өсімінен жоғары болады.

Екінші суб-индексті талдау нәтижелері бойынша Индонезия ұзақ мерзімді келешекте 65 жасқа дейінгі зейнет жасының жоспарлы ұлғаюына және болашақта жарна мөлшерлемесінің өсуіне қатысты қаржылық мүмкіндіктерге байланысты барлық елдердің ең тұрақты зейнетақы жүйесіне ие, себебі ағымдағы мөлшерлеме әлі де 10%-дан төмен. Сондай-ақ, Дания күтілетін өмір сүру ұзақтығына байланысты зейнет жасын заңнамалық тұрғыдан түзетудің және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу кезінде демографиялық факторларды есепке алудың, сондай-ақ ЕО елдерінің көпшілігімен салыстырғанда жарналардың салыстырмалы түрде төмен мөлшерлемесінің арқасында осы суб-индекстің жоғарғы жағында орналасқан.

### **Үшінші АРІ суб-индексі. Жеткіліктілік (Лайықтылық).**

Зейнетақы жүйелерінің лайықтылығы тек қаржылық тұрақтылықпен ғана емес, сонымен қатар төлем деңгейімен және табысты ауыстыру коэффициентімен де анықталады. Зейнетақы жүйесінің бірінші деңгейіндегі зейнетақы үшін алмастыру коэффициенті ХЕҰ стандарттарына сәйкес орташа жалақының 40%-нан 60%-на дейін болуы тиіс. ЭЫДҰ-ның соңғы статистикасы Бразилияда 89% алмастыру коэффициенті бар ең жомарт зейнетақы жүйелерінің бірі екенін көрсетеді, ал Кения, Ливан және Оңтүстік Африкада жиынтық алмастыру коэффициенті небәрі 15% болатын ең кедей зейнеткерлер бар екенін көрсетеді. Германияда, АҚШ-та және Жапонияда зейнетақыны алмастыру деңгейі 30%-дан 40%-ға дейін құбылады.

**5-график. Табысты алмастыру коэффициенті (%-бен)**



Дереккөз: Ұлттық әлеуметтік қамсыздандыру органдары, әлеуметтік істер министрліктері, қаржылық министрліктер, ЕО, ЭЫДҰ және Ахсо

Зейнетақы жүйелерін қарастырған кезде жүйенің лайықтылығы тек зейнетақы деңгейімен ғана емес, сонымен бірге қамту коэффициентімен, қаржылық қызметтерге қол жетімділікпен және егде жастағы жұмысшылардың еңбек нарығына кірігуімен де анықталады. Үндістан мен Колумбия сияқты кейбір елдерде халықтың едәуір бөлігі зейнетақы жүйесімен қамтылмаған. Қамтуды кеңейту әрекеттеріне көбінесе бейресми жұмыспен қамтудың жоғары таралуы және әлеуметтік сақтандыру жүйелерімен қамтылмаған көптеген шағын компаниялар кедергі келтіреді. Нәтижесінде, осы сектордағы көптеген жұмысшылардың өмір бойы зейнетақы алу үшін жеткілікті өтілі жоқ және оның орнына қартайғанда лайықты өмір сүру деңгейі үшін жеткіліксіз біржолғы төлем алады. Алайда, дамыған елдердің көпшілігінде қамту 100%-ға жуықтаған.

Колумбия мен Үндістанның ересек халқының едәуір бөлігі мемлекеттік зейнетақы бағдарламаларымен қамтудың төмендігіне байланысты зейнетақы төлемдерінің лайықты болмауына алаңдайды. Бұл дамушы елдердегі қаржылық қызметтерге қол жетімділік пен қаржылық сауаттылықтың маңыздылығын көрсетеді. Көптеген дамушы нарықтарда қаржылық қызметтерге қол жетімділікті кеңейтуде ілгерілеушілік болғанымен, әлі де артта қалушылық бар.

Көптеген дамушы елдерде еңбек табысы зейнетақымен қамсыздандыру мен жәрдемақы деңгейінің төмендігіне байланысты қартайған кездегі негізгі табыс көзі болып табылады. Дамыған елдерде зейнет жас ұлғайған сайын, егде жастағы жұмысшыларды еңбек нарығына қабылдау және тарту жәрдемақы деңгейінің төмендеуіне жол бермеу үшін қажет болады. Зейнетақымен қамсыздандыруы төмен елдерде 65+ жас тобында белсенділік коэффициенттері жоғары, ал Кения ерлер үшін шамамен 70% және әйелдер үшін 64%-бен көшбасшы орында. Жәрдемақы коэффициенті жоғары және зейнет жасы төмен елдердің экономикалық белсенділік коэффициенттері төмен, Франция мен Испанияда егде жастағы ерлердің экономикалық белсенділік коэффициенттерінің шамалы өсуі байқалады. Еңбек нарықтары қартайған жұмыс күшінің қажеттіліктеріне бейімделуі керек.

Барлық факторларды ескере отырып, Дания мен Нидерландыда күшті капиталдандырылған зейнетақы жүйелері және мемлекеттік зейнетақы төлемдерінің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі бар. Бұл жүйелер ең лайықты деп бағаланады. Субиндекс бойынша жалпы балл өте жоғары: Данияда 1,4 және Нидерландыда 1,7. Екі елде де 65 жас және одан үлкен жастағы еркек адамдардың белсенділік коэффициенті қазірдің өзінде 10%-дан асады, бұл екі елдің зейнет жасының өсуін көрсетеді.

Есепке сәйкес, егер мықты қаржылық негіз қаланса, зейнетақымен қамсыздандырудың неғұрлым тұрақты және лайықты жүйесін құру мүмкіндігі болады. Allianz зейнетақы жүйесін реформалауды еңбек нарығын реформалаудан бастауға кеңес береді. Егер дамушы елдерде ресми жұмыспен қамту үлесі ұлғайтылмаса және дамыған елдерде егде жастағы қызметкерлерді жұмыспен қамтуға қолдау болмаса, тіпті ең сауатты дамыған зейнетақы реформалары да нәтиже бермейді.

### **Егде жастағы адамдар арасындағы жұмыссыздықпен күресу**

Жұмысшыларды жалдау, жұмысқа орналастыру және ұстау кезіндегі жасы бойынша кемсітушілік әлі де жұмыс орнындағы кемсітушіліктің ең көп таралған түрі болып табылады. Эйджизммен<sup>2</sup> күресу бойынша күш жігерді айтарлықтай жандандыру қажет. Зейнет жасын көтерумен байланысты зейнетке шығар алдында жұмыссыздық кезеңінің ұлғаюына жол бермеу үшін егде жастағы жұмысшылардың қатысуын арттыру, олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін және еңбек нарығында мойындауын жақсарту қажет. Бұл шаралар егде жастағы жұмысшылардың жағдайын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар Covid-19 пандемиясынан кейінгі компаниялар үшін негізгі мәселелердің біріне айналған және болашақта тек күшейе түсетін жұмыс күшінің жетіспеушілігін жеңілдетуге көмектеседі.

Егде жастағы жұмысшылардың қатысу деңгейін арттырудың кілті - бұл еңбекке қабілетті жасынан зейнетке шығу кезеңіндегі үлкен икемділік. Бұған толық емес жұмыс күні және заңмен белгіленген зейнет жасқа жеткеннен кейін зейнетке шығуды кейінге қалдыру кезінде жаңа (қосымша) зейнетақы құқықтарын алуға рұқсат кіреді. Басқа шараларға 60 жас және одан үлкен жастағы жұмысшылар үшін әлеуметтік қамсыздандыру жарналарының төмен мөлшерлемелері және 60 жас және одан үлкен жастағы жұмыссыздарды/қызметкерлерді жалдау үшін уақытша жалақы субсидиялары жатады.

### **Тұрақты қаржыландыру және зейнетақы қорлары**

ESG инвестициялары өсуде және инвесторлар жасыл экономикаға көшуді қолдау үшін портфолиосының көп бөлігін ESG қаржылық өнімдеріне бөледі. 2026 жылға қарай басқарылатын ESG активтері 34 трлн АҚШ долларына жетеді деп болжануда, Еуропада ESG активтерінің жалпы көлемінің жартысынан көбі болады. Алайда, ESG өсімі мүдделер қақтығысы мен деректердің қол жетімділігі туралы сұрақтар туғызды. Реттеуші органдардың әрекеттері соңғы мәселені шешу үшін тұрақты даму туралы ақпаратты ашуды арттыруға бағытталған.

Зейнетақы қорларының ұзақ мерзімді келешекке бағытталуы олардың тұрақты қаржыландыруға көбірек жүгінетіндігін білдіреді, өйткені қаржылық емес факторлар ұзақ мерзімді келешекте қаржылық тұрғыдан маңызды бола алады. Қаржылық көрсеткіштер активтерді басқарушылар мен зейнетақы қорлары үшін әлі де маңызды болғанымен, ESG критерийлері портфолионың ұзақ мерзімді тиімділігі үшін өзекті бола түсуде. Тұрақты қаржыландыру бойынша Еуропалық орталық банктің статистикасына сай, белгіленген кірісі бар бағалы қағаздарға салынған «жасыл» инвестициялардың үлесі соңғы екі жылда

---

<sup>2</sup> «ageism» ағылшын сөзінен - бір жас топтарын басқалармен кемсіту

екі есеге өсіп, 7%-ға жетті. Бұл өсім инвестицияларды ұзақ мерзімге ұстауға бейім зейнетақы қорлары үшін маңызды, ал зейнетақы қорлары арасындағы «жасыл» инвестициялардың үлесі жалпы инвесторларға қарағанда екі есе жоғары.

### **Allianz (API) зейнетақы индексінің әдістемесі**

Суб-индекстер жайында толығырақ:

1) «Негізгі шарттар» суб-индексі өмір сүру деңгейін, сондай-ақ қаржылық және демографиялық бастапқы жағдайды ескереді, ол құрылымды айқындайтын және реформаны одан әрі зейнетақымен қамсыздандыру қажеттілігіне әсер ететін екі негізгі экзогендік фактор болып табылады:

\* өмір сүру деңгейі (40%). Өмір сүру деңгейі негізінен жалпы әл-ауқат деңгейімен (50%), медициналық қызметтердің қол жетімділігімен (30%) және қоғамның прогресс деңгейімен (20%) анықталады.

\* қаржы және демография (60%). Қаржылық еркіндік (40%) және демографиялық өзгерістер (60%) зейнетақы реформаларының қажеттілігін анықтайды.

2) «Тұрақтылық» суб-индексі зейнетақы жүйесін санаттарға негізделген демографиялық өзгерістердің әсерінен қорғайтын кіріктірілген механизмдердің болуын бағалайды:

\* алдын ала шарттар (60%). «Алдын ала шарттар» санаты «Зейнет жасы» (80%) шағын санаттарына бөлініп, одан әрі өмір сүру ұзақтығының күтілетін жақсаруын және жарналардың ең төменгі кезеңін (20%) өтеу үшін зейнет жасты арттыру бойынша жеткілікті шаралар қабылданғанын бағалайды.

\* қаржы (40%). Бұл санат «Қаржыландыру» (70%) және «Зейнетақы формуласы» (30%) шағын санаттарынан тұрады.

3) «Лайықтылық» суб-индексі бірінші деңгейдегі кірістердің және басқа да зейнетақы төлемдерінің екі санатына негізделген, олар да шағын санаттарға бөлінеді:

\* бірінші деңгей (50%). Бұл санат зейнетақы жүйесінің қамтылуын (70%) және жәрдемақы деңгейін (30%) ескереді.

\* басқа зейнетақы кірістері (50%). Бұл санат «Екінші компонент» (20%), «Қаржылық активтер» (70%) және «Табысты жұмыспен қамту» (10%) шағын санаттарына негізделген.